«8D04110 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Қанашаев Даулет Есенбайұлының «Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми дамудың тиісті басым бағыттарына және ағымдағы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 27 желтоқсанда № 86-VII бекітілген Өнеркәсіптік саясат туралы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысымен бекітілген 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ғылыми дамудың басым бағыттарымен, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларындағы зерттеулермен» бағыттас.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылған. Атап айтқанда, бағалау нәтижесінде ізденуші Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық дамуындағы мемлекеттік басқаруға баға бере отырып, инновациялық белсенділікті арттырудағы іс-шараларға талдау жасаған. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы кілем өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар үшін өндірісті цифрландырудың оңтайлы тәсілдерін ұсынған. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының өндірісті

			цифрландыру тиімділігін бағалауға авторлық тәсілді, сондай-ақ қолданыстағы ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін жетілдіруге арналған шараларды ұсынады. Бұл мемлекеттің индустриялық саясатының теориялық-әдістемелік негізін кеңейтуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың жеке үлесі мыналардан байқалады: зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін қоюда, оларды шешу әдістерін әзірлеуде және жеңіл өнеркәсіп, оның ішінде кілем өнеркәсібі саласында тәжірибелік зерттеулер жүргізуде; кілем өндірісіндегі айнымалылар арасындағы байланыстылықты эконометрикалық модельдеу арқылы көрсетуінде және тәжірибелік деректерді өңдеуде байқалады. Бұл нәтижелері автордың қарастырылып отырған тақырып бойынша жарық көрген ғылыми жарияланымдары да растайды. Зерттеудің дербестігі мен авторлық маңыздылығының жоғары деңгейі жалпы жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығын білдіретін нәтижелерге қол жеткізумен расталады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Ұсынылған диссертациялық жұмыс кәсіпорындардағы инновациялық белсенділікті арттыру мен өндірістегі технологиялық үдерістерді цифрландырудың өзара әрекеттесуін талдау арқылы оның өзектілігін негіздейді. Зерттеу технологиялық үдерістерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерінің еңбек өнімділігіне және шығарылатын өнімнің сапасына оң әсер етуді жеңілдетуге бағытталған. Диссертациялық жұмыста кілем нарығының қазіргі жай-күйіне кешенді талдау жүргізіліп, кілем өндіруші кәсіпорынның инновациялық белсенділігіне әсер ететін негізгі факторлар анықталған. Сонымен қатар осы бағытта қайта құрылымдау бойынша негізделген ұсыныстар берілген. Ізденуші халықаралық тәжірибеге талдау жасау негізінде отандық кілем өндірісіне бейімделген шешімдер ұсынылған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;	Ізденушінің диссертациялық жұмысының мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Диссертацияда әзірленген және ұсынылған математикалық модельдер мен инновациялық

		2) ішінара айқындайды;	белсенділікті арттыру тетіктері диссертация тақырыбын толық ашып, оның мәнін айқындайды. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері өндірістік үдерістерді цифрландыру барысын басқару мен реттеу жағдайларын кешенді түрде қарастырып, жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін ретімен іске асыруға бағытталған. Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді және ғылыми талаптарға сай жазылған.
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертация жазу барысында автормен тұжырымдалған зерттеу мақсаты және оған қол жеткізуге бағытталған міндеттер диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Ізденуші қойылған ғылыми-тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін цифрландыру тетіктерін қолдану арқылы инновациялық белсенділікті арттыруға бағытталған жұмыс бағытын нақты анықтаған. Диссертациялық зерттеудің міндеттері теориялық, әдістемелік, аналитикалық және қолданбалы сипатқа ие. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері - кіріспе, теориялық бөлім, талдау және ұсыныстар - қойылған міндеттерді толықтай ашуға бағытталып жазылған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланысқан. Автор әр тарауды теориялық талдау мен негіздеуден бастап алдыңғы тарауды логикалық түрде толықтыратын мәліметтермен дәйекті баяндаған. Жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен байланысқан және тұтас құрылым ретінде жазылған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыс аясында автор ұсынған жаңа шешімдер қолданыстағы тәсілдерді егжей-тегжейлі сыни талдау бойынша негізделген. Докторант инновациялық қағидалар мен әдістерді белгілі шешімдермен салыстырады, бұл кілем өндірісін цифрландыруды жақсартудағы артықшылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Жаңа шешімдер ғылыми әдебиеттерді шолу, эксперименттік деректерді талдау және Scopus және ҚР уәкілетті органының дерекқорларына енгізілген журналдардағы инновациялық зерттеулерді жариялау арқылы анықталған дәстүрлі тәсілдермен салыстырылған. Бұл тәсіл белгілі шешімдермен салыстырғанда әзірленген әдістердің артықшылықтарын объективті анықтауға мүмкіндік береді.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			Мұндай сыни көзқарас негізгі компонент ретінде жұмыстың жоғары практикалық маңыздылығын айқындайды. Себебі талдау Қазақстанның нақты жағдайында инновациялық белсенділікті арттыру үшін ұсынылған әдістердің әлеуетін көрсетеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ғылыми нәтижелер мен ережелер ішінара жаңа, бұл математикалық модельдермен және өндірісті цифрландыруды мемлекеттік қолдау тетіктері түріндегі әзірленген жаңа инновациялық-инвестициялық шешімдермен расталады. Автор кілем өндіруші кәсіпорында өндірісті цифрландырудың инновациялық тәсілдерін әзірледі. Бұл кәсіпорындағы еңбек өнімділігін жақсартуға мүмкіндік берді. Эксперименттік деректер ұсынылған әдістердің тиімділігін және қолданыстағыларын сыни талдауын сенімді түрде растайды. Әзірленген шешімдерді енгізу заманауи талаптарға және кілем өндірісін инновациялық дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді, бұл диссертациялық жұмыстың бірегейлігі мен жоғары практикалық маңыздылығын көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ішінара жаңа және іздену жұмысының тұжырымдамаларына логикалық түрде сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелерінің шамамен жартысы автордың бастапқы тұжырымдарын көрсетеді. Диссертацияның қорытындылары терең ғылыми талдаумен, кең ауқымды материалдармен және негізделген әдістемелік тәсілдермен берілген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері ішінара жаңа - жаңалық деңгейі жартылай. Автор дәлелденген әдістерді инновациялық тәсілдермен біріктіреді, бұл дәстүрлі әдістердің тиімділігін сақтап қана қоймай, сонымен қатар кілем өндіруші кәсіпорынның инновациялық жаңаруы мен өндірісін елеулі жақсартып отыр. Бұл шешімдердің негіздемесі егжей-тегжейлі сипатталған. Жұмыста тәжірибелік зерттеулер және қолданыстағы технологиялармен салыстырмалы талдау бар. Бұл ұсынылып отырған инновациялардың практикалық маңызы бар екенін және қазіргі заманғы кілем өндіру процестеріне сәтті интеграциялануы мүмкін екендігін көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды	Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары тәжірибелік мәліметтерді жан-жақты талдау және теориялық негіздеу арқылы

		дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	дәлелденген және расталған. Автор әдебиеттерді сыни шолуға негізделген, алға қойылған мақсаттарды алынған нәтижелермен сенімді байланыстыруға мүмкіндік беретін дәлелдерді дәйекті түрде құрастырады. Бұл тәсіл әрбір ұстанымның практикалық және теориялық тұрғыдан негізделгенін көрсете отырып, қорытындылардың сенімділігін қамтамасыз етеді. Бұл әзірленген технологияларды кілем өндірісінде одан әрі қолдану үшін берік негіз жасайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	Ереже 1. Әлемдік кілем нарығының даму жағдайы және кілем өндірісіндегі технологиялық цифрландыру негізінде инновациялық белсенділікті арттыру қажеттігі. 7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Ереже 2. Кілем кәсіпорыны инновациялық белсенділігінің факторларының кілем өндірісінің тиімділігін арттыруға әсерлері. 7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Ереже 3. Жеңіл өнеркәсіп саласының оның ішінде кілем өндірісінің қазіргі жағдайлары, кілем өндірісінде инновациялық қызметті инвестициялық ынталандыру тетіктері мен инновациялық-инвестициялық қызмет бөлімдерінің өзара байланысы. 7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Ереже 4. «Бал Текстиль» ЖШС кәсіпорынындағы енгізілген инновациялардың әсеріндегі айнымалыларды есептеудің тәсілдері, технологиялық үрдісті цифрландыру бойынша өндірістегі айнымалылардың өзара әсері.

		3) кең	7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Ереже 5. Отандық кілем нарығының SWOT-анализі, кілем өнеркәсібінде инновациялық белсенділікті арттыруға ықпал ететін мемлекеттік қолдау іс-шараларының тиімділігі. 7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Ереже 6. Кілем өнеркәсібіндегі инновациялық белсенділікті арттырудың маңыздылығы. 7.1) Ереже дәлелденді. 7.2) Жоқ, тривиалды емес. 7.3) Иә, ереже жаңа. 7.4) Қолдану деңгейі кең. 7.5) Иә, мақалада дәлелденген. Жоғарыда көрсетілген ережелер төмендегі мақалаларда зерттелген және ішінара дәлелденген. 1) Organisational-economic mechanism for increasing the innovative activity of carpet industry enterprises in the digitalisation of technological processes. // World Development Perspectives, Volume 37, March 2025 https://doi.org/10.1016/j.wdp.2024.100654 2) Digitalization assessment features in the carpet industry of Kazakhstan. // Қарағанды университетінің Хабаршысы, «Экономика» сериясы, №4(108). Қарағанды, 2022. Б. 44-54. 3) Кілем өнеркәсібі кәсіпорындарын цифрландырудың ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері. // Қазақ Экономика, Қаржы және халықаралық сауда университетінің Жаршысы, №1(46). Астана, 2022. Б. 78-83. 4) Кілем өнеркәсібі кәсіпорындарындағы инновациялық белсенділікті бағалаудың математикалық әдістері. // «Тұран» университетінің хабаршысы, №3(95). Алматы, 2022, Б. 235-247. 5) Цифрландыру кілем өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін арттыру факторы ретінде. // Қазақ
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің Жаршысы, №4(49). Астана, 2022. Б. 201-205.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстағы әдістемені таңдау негізделген. Зерттеу тәсілдері жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған. Автор әрбір әдістің қолданылуын егжей-тегжейлі негіздейді, олардың өзектілігін және зерттелетін мәселенің ерекшелігіне сәйкестігін атап көрсетеді. Сол себепті алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, эксперимент кезеңдерін және теориялық талдауды дәйекті түрде ұсыну зерттеудің жүйелілігі мен қайталанатындығын тексеруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде бұл шаралар ұсынылған шешімдерді практикалық жүзеге асырудың маңызды аспектісі болып табылады.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, сондай-ақ компьютерлік технологияларды қолдану арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды. Автор эксперименттік деректердің жоғары дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ететін жетілдірілген модельдеу және талдау құралдарын пайдаланды. Кешенді тәсіл, соның ішінде заманауи пайдалану, есептеу әдістері, статистикалық алгоритмдер және бағдарламалық қамтамасыз ету, өндірісті цифрландыру сипаттамаларын объективті бағалауды жеңілдетеді. Бұл материалдың қасиеттеріне әртүрлі факторлардың әсерін егжей-тегжейлі зерттеп қана қоймай, сонымен қатар әзірленген шешімдердің практикалық маңыздылығын негіздеуге мүмкіндік береді.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған қатынастар және үлгілер эксперименталды зерттеулермен толығымен расталады. Автор егжей-тегжейлі теориялық талдауды мұқият ойластырылған эксперименталды зерттеулермен үйлестіре отырып, кешенді тәсілді қолданады. Теориялық болжамдарды дәлелдеу эксперименттер сериясы арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері ұсынылған модельдер мен кілем өндіруші кәсіпорынның инновациялық жаңғыру қасиеттері арасындағы корреляцияны анық көрсетеді. Заманауи компьютерлік
		1) иә;	

		2) жоқ.	технологияларды және деректерді өңдеудің статистикалық әдістерін қолдану теориялық қорытындылардың сенімділігі мен негізділігін көрсететін қосымша заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жүргізілген эксперименттік талдау кәсіпорындағы еңбек өнімділігіне әсер ететін параметрлердің кең ауқымын қамтиды, олар модельдерді кешенді тестілеуді және валидациялауды қамтамасыз етеді. Теориялық қағидалар мен эмпирикалық деректер бірін-бірі толықтыратын бұл кешенді тәсіл жұмыстың жоғары ғылыми және практикалық маңыздылығын көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияның маңызды талаптары эксперименталды деректермен де, терең теориялық талдаумен де расталады. Автор қазіргі заманғы деректерді өңдеу және компьютерлік модельдеу әдістерін пайдалана отырып, негізгі қорытындылар мен модельдер сыналатын кешенді тәсілге сүйенеді. Бұл гипотезалардың сенімділігін көрсетуге ғана емес, сонымен қатар қосымша байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді, бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін айтарлықтай арттырады. Сонымен қатар, маңызды талаптарды растау ұсынылған әдістерді қолданыстағы шешімдермен салыстыруды қамтамасыз ететін әдебиеттерге мұқият сыни шолу арқылы жүзеге асырылады. Бұл кешенді тәсіл диссертацияның барлық негізгі ережелерінің нақты дәлелдемелік базаға ие болуын қамтамасыз етеді және практикалық қолданудың кілті болып табылады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Барлығы 124 сілтеме пайдаланылған әдебиет қорының жеткілікті көлемін көрсетеді. Дереккөздердің мұндай кең ауқымы, соның ішінде отандық және шетелдік басылымдар зерттелетін мәселенің барлық негізгі аспектілерін қамтуға және жан-жақты пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сілтемелер жетекші ғылыми журналдарда жарияланған және Scopus және Web of Science деректер базасында индекстелген жұмыстарды қамтиды, бұл диссертацияның теориялық негізінің өзектілігі мен сенімділігін растайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Сонымен қатар, пайдаланылған дереккөздер дәстүрлі тәсілдердің кемшіліктерін анықтауға және инновациялық шешімдерді таңдауды негіздеуге мүмкіндік беретін қолданыстағы әдістер мен тұжырымдамаларды сыни талдауды жеңілдетеді. Бұл кешенді тәсіл зерттеу нәтижелерінің жоғары сенімділігін қамтамасыз етеді және
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			теориялық базаның терең өңделуін көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың жоғары практикалық маңызы бар. Дайындалған ұсыныстар мен алынған нәтижелерді кілем өнеркәсібінде тікелей қолдануға болады. Жұмыста материалдардың жақсартылған өнімділік сипаттамаларын қамтамасыз ететін және кілем өндірісінің тиімділігін арттыратын цифрландыруды қолдана отырып, кілем кәсіпорнын инновациялық дамытудың инновациялық технологиясы ұсынылған. Эксперименттік тексеру және егжей-тегжейлі талдау мен зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы заманауи тоқыма үдерістерінде қолданыла алатынын айтуға мүмкіндік береді. Мұндай практикалық әлеует тек теориялық есептеулермен ғана емес, табыстылығымен де расталады.
		1) иә;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған тәжірибеге қатысты ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автор цифрландыру технологияларын қолдану арқылы кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттырудағы инновациялық тәсілдеріне негізделген бірегей шешімдерді ұсынады, бұл айтарлықтай инновациялық дамуды жақсартуға мүмкіндік береді. Эксперименттік деректер ұсынылған әдістердің практикалық қолданылуын растайды, бұл кілем тоқу өндірісінде осы шешімдерді енгізудің жоғары әлеуетін көрсетеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациядағы академиялық жазбаның сапасы жоғары бағаға лайық. Мәтін анық әрі қысынды түрде берілген, бұл күрделі ғылыми ойларды оқырманға тиімді жеткізуге мүмкіндік береді. Автор терминологияны дұрыс пайдаланады, аргументтері жүйелі түрде құрылымдалған, баяндау стилі жоғары талаптарға сай. Сонымен қатар, жұмыстың құрылымы мен материалдың дәйекті түрде берілуі ұсынылған зерттеуді оңай қабылдауға және терең талдауға ықпал етеді. Бұл автордың жоғары дайындық деңгейін көрсетеді және жұмыстың академиялық құрамдас бөлігінің жоғары сапалы екенін растайды.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Автор диссертациялық жұмысының өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын айта отырып, ұсынымдық сипаттағы кейбір ескертулерді айту қажет: 1. Диссертацияда жеңіл өнеркәсіп және оның ішінде тоқыма саласындағы жобаларды басқаруды жүзеге асыруға айтарлықтай кедергі келтіретін бірқатар факторлар толық көрсетілмеген.

			2. Диссертацияда кілем өндірісін инновациялық жаңғырту бойынша қазақстандық ғалымдардың әзірлемелері көбірек қамтылуы керек еді. Алайда бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		«Технологиялық процестерді цифрландыруды қолдану арқылы кілем өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша автордың қатысуымен 4 мақала ағылшын тілінде, 3 мақала қазақ тілінде жарияланған. Барлық мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары. Барлық жарияланымдар академиялық жазудың жоғары стандартына ие. Бұл таңдалған мақала тақырыптарының өзектілігі мен жаңалығын негіздеуде, зерттеу әдістерінің сипаттамасында және практикалық маңызды нәтижелерді анықтауда көрінеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
«Экономика» кафедрасының доценті, э.ғ.к. **Андабаева Г.К.**

ҚОЛТАҢБАСЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ